

Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті мен Беларусь Республикасының Мемлекеттік бақылау комитеті арасындағы Ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1428 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті мен Беларусь Республикасының Мемлекеттік бақылау комитеті арасындағы Ынтымақтастық туралы келісімнің жобасына қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы

Жоба

Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті мен Беларусь Республикасының Мемлекеттік бақылау комитеті арасындағы Ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті мен Беларусь Республикасының Мемлекеттік бақылау комитеті

Жоғарғы қаржы бақылау органдары халықаралық ұйымының (ИНТОСАИ) мақсаттары мен қағидаттарын басшылыққа ала отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Жоғарғы қаржы бақылау органдарының басшылары кеңесінің сессияларында қол жеткізілген уағдаластықтардың іске асырылуына маңызды мән бере отырып,

өзара құрмет, сенімділік, тең құқықтық пен өзара тиімді ынтымақтастық қағидаттарын негізге ала отырып,

мемлекеттік қаржы бақылаудың тиімділігін арттыруға өзара ұмтылуды білдіре отырып,

мыналар туралы уағдаласты:

Тараптар өз құзыреттерінің шеңберінде мынадай негізгі бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады:

а) мемлекеттік қаржы бақылауды жүзеге асырудың әдіснамасы мен тәртібі саласында тәжірибе алмасу;

б) кадрларды кәсіби оқыту және олардың біліктілігін арттыру саласында өзара іс-қимыл жасау;

в) бірлескен зерттеулер, семинарлар, конференциялар және жұмыс бабындағы кездесулер ұйымдастыру және өткізу;

г) мемлекеттік қаржы бақылауды жүзеге асыру мәселелеріне жататын ұлттық заңнама кесімдерімен, кәсіби ақпаратпен және әдістемелер алмасу.

Тараптар өз құзыреттерінің шегінде өзара қызығушылық танытатын басқа бағыттардағы ынтымақтастықты дамытады.

2-бап

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің шеңберінде ақпараттар мен материалдар алмасу кезінде халықаралық ақпарат алмасуға қатысуды, мемлекеттік құпияларды және өзге де заңмен қорғалатын құпияларды қорғауды реттейтін өз мемлекеттері ұлттық заңнамаларын басшылыққа алады.

Бірлескен зерттеулер жүргізу кезінде тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің ұлттық заңнамасын басшылыққа алады.

3-бап

Тараптардың әрқайсысы, егер ақпаратты ұсынып отырған Тарап оны таратуды дұрыс деп таппаған жағдайда, алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

4-бап

Тараптар мемлекеттік қаржы бақылауды, өз қызметкерлерінің кәсіби дайындығы мен біліктілігін көтеруді жүзеге асыру мен жетілдіру саласында тәжірибе алмасу мақсатында өзара делегациялар жіберуді жолға қояды.

5-бап

Осы Келісімнің шеңберінде іс-шараларды өткізу бойынша шығыстарды Тараптардың әрқайсысы өз есебінен дербес жүзеге асырады.

6-бап

Қажет болған жағдайда Тараптар осы Келісімді іске асыруға қатысты мәселелер бойынша бір-біріне консультациялар беріп отырады.

7-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерілуі және толықтырылуы мүмкін. Барлық өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайды және жеке хаттамалармен ресімделетін болады.

8-бап

Осы Келісім олар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жолымен шешетін болады.

10-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың біреуі екінші Тараптан оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

Астана қаласында 2004 жылғы " ____ " _____ әрқайсысы қазақ, белорус және орыс тілдерінде, екі түпнұсқалық данада жасалды, сондай-ақ барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасы
Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылайтын
есеп комитеті үшін*

*Беларусь Республикасының
Мемлекеттік бақылау
комитеті үшін*